

**Қазақстан Республикасының аумағында сауда операцияларын жүзеге асыру ( қызметтер көрсету) кезінде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға міндетті сауда (қызмет көрсету) ұйымдарының санаттарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1328 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1743 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1743 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Ақша төлемдері мен аударымдары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында сауда операцияларын жүзеге асыру (қызметтер көрсету) кезінде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға міндетті сауда (қызмет көрсету) ұйымдарының санаттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2004 жылғы 15 желтоқсандағы  
N 1328 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағында сауда операцияларын жүзеге асыру (қызметтер көрсету) кезінде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға міндетті сауда (қызмет көрсету) ұйымдарының санаттары**

**Ескерту. Санатқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.18. N 820(алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

- 1 Автомобильдер мен мотоциклдерді сатуды жүзеге асыратын және оларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жөніндегі қызметтерді ұсынатын ұйымдар
- 2 Автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа көтерме және бөлшек сауданы, агенттер арқылы сауданы, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдалану заттарын жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдар
- 3 Қонақ үй қызметтерін ұсынатын ұйымдар
- 4 Ресторан немесе бар қызметтерін ұсынатын ұйымдар
- 5 Әуе және темір жол көлігіне жол жүру құжаттарын (билеттерді), багаж және жүк-багаж түбіртектерін сатуды жүзеге асыратын ұйымдар
- 6 Су көлігімен қызметтер көрсететін ұйымдар
- 7 Жүктерді көліктік өңдеу мен сақтау жөніндегі қызметтерді, қосымша қызметтерді және жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсынатын ұйымдар
- 8 Туристік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар
- 9 Аудан орталықтарына дейінгіні қоса алғанда, байланыс қызметтерін ұсынатын ұйымдар
- 10 Сақтандыру саласындағы қызметтерді ұсынатын ұйымдар
- 11 Жылжымайтын мүлікпен операциялар жасау жөніндегі қызметтерді ұсынатын ұйымдар (жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласында)
- 12 Денсаулық сақтау саласында тауарлар мен қызметтер сатуды жүзеге асыратын жеке ұйымдар
- 13 Кинофильмдер көрсету жөніндегі қызметтерді ұсынатын ұйымдар және ойын-сауық-мәдени орталықтары
- 14 Фитнес, гольф және яхт клубтары, сондай-ақ жаттығу залдары, бассейндер, теннистік корттар, атыс алаңдары бар спорт кешендері
- 15 Құмар ойындарды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді ұсынатын ұйымдар
- 16 Жеке қызметтерді ұсынатын ұйымдар
- 17 Боулинг (кегельбан) және бильярд бойынша қызметтерді ұсынатын

Ескерту: Сауда операцияларын жүзеге асыру (қызметтер көрсету) кезінде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға міндетті сауда (қызметтер көрсететін) ұйымдарының аталған санаттары Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимін қолданатын және жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілері жоқ орындарда орналасқан сауда (қызмет көрсететін) ұйымдарына қолданылмайды.